

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министiрлiгiнiң
Спорт және дене шынықтыру iстерi комитетi «Республикалық спорт
колледжi» республикалық мемлекеттiк қазыналық кәсiпорны
директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды**

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы бiлiктiлiк талаптары

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсiпорынның атауы, оның негiзгi қызметiнiң қысқаша сипаттамасы:

«Республикалық спорт колледжi» республикалық мемлекеттiк қазыналық кәсiпорны Алматы қаласы, Темирязов көшесi, 41 мекенжайында орналасқан, 8 (727) 376-27-22, 8 (727) 376-76-25-24.

Колледж қызметiнiң мәні орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм беру және спорт саласындағы қызметтi жүзеге асыру болып табылады.

Колледж қызметiнiң мақсаты Спорт және дене шынықтыру саласында жоғары бiлiктi спортшылар мен мамандарды даярлау болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейiнгi) бiлiм: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық;

мамандығы бойынша, оның iшiнде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтiлiнiң кемiнде 5 жыл болуы.

3. Лауазымдық мiндеттерi:

Қабылданатын шешiмдердiң кейiнгi салдарына, ұйымның мүлкiн сақтау мен тиiмдi пайдалануға, сондай-ақ оның қызметiнiң әкiмшiлiк-шаруашылық нәтижелерiне жауап бере отырып, ұйымның өндiрiстiк, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметiне басшылық жасайды, ұйымның саясатын, стратегиясын және оны iске асырудың тетiктерiн айқындайды, оқу-жаттығу және тәрбиелiк процестерде спорттық-әдiстемелiк және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетiлдiредi, педагогикалық кеңестiң жұмысына басшылық жасайды, ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетiлдiрудiң әртүрлi кезеңдерiнде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекiтедi.

4. Бiлуi тиiс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының;

Қазақстан Республикасы;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Бiлiм туралы», «Мемлекеттiк мүлiк туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-қимыл туралы», «Мемлекеттiк сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

5. Конкурса қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурса қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) 075-у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

Конкурса қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурса қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 2022 жылғы «14» шілде 2022 жылғы «28» шілде жүргізіледі.

6. Конкурстың өткізілетін күні мен орны:

Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматында.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-55 телефондары бойынша алуға болады.